

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 341
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕНО
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от 21 декабря 2020 года № 341

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім
басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Астана»
бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
коммунального государственного
казенного предприятия «Ясли-сад «Астана»
коммунального государственного учреждения
«Отдел образования района имени Габита Мусрепова»
коммунального государственного учреждения
«Управление образования акимата
Северо-Казахстанской области»**

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Астана» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 227 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі-құрылтайшы) болып табылады.

Құрылтайшының заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 150400, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 58.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаратын тиісті саланың уәкілетті органы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданың білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150400, Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылы, Ленин көшесі, 2.

6. Кәсіпорынның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Астана» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли сад «Астана» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района имени Габита Мусрепова» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150400, Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылы, Сейфуллин көшесі, 2В.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады және құрылған болып есептеледі.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның Құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқаша қарастырылмаған болса, тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің міндеті мен мақсаттары, қызметімен функциялары

12. Кәсіпорын қызметі мектепке дейінгі білім және тәрбие беру саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын тәрбие, білім беру мен дамыту және медициналық бақылау бойынша, сондай-ақ, 1 жастан бастап мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді күту, бағу және сауықтыру бойынша қызмет көлемін орындау болып табылады.

14. Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту;
- 2) оның толыққанды физикалық дамуы;
- 3) қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы қарапайым білім жүйесін қалыптастыру;
- 4) баланың көз-қарасы мен мінез-құлқын, өнегелік сезімділігін жетілдіру;
- 5) еңбекқорлыққа, дербестікке, жауапкершілікке тәрбиелеу;
- 6) баланы ұлттық тәрбиемен бағып-қағуда отбасы және қоғамды қанағаттандыру.

15. Кәсіпорынның негізгі міндеттері болып табылады:

1) мектепке дейінгі жастағы балалардың дене мен психикалық денсаулығын нығайту, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына тарту;

2) мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ойымен тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету, жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтарын негізінде олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, қабілеттерін дамыту;

3) мектепке дейінгі жастағы балалардың ынталылығын (бастамашылығын), құмарлығын, өз еркінше әрекет етуін және шығармашылығын дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие беру бағдарламаларын, бастауыш жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жағдайлар жасау;

5) тәрбиеленушілер мен білім алушылар ата-аналарымен өзара іс-әрекет;

6) үйде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуші жанұяларға әдістемелік, диагностикалық және кеңес түрінде көмек ұйымдастыру.

16. Кәсіпорынның негізгі қызметі болып табылады:

1) тәрбие және білім беру болып табылады, яғни балаларды тәрбиелеу және мектепке даярлау;

2) балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, көңіл-күй жайлылығы жөнінде қамқорлық, баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынас;

3) қарапайым теориялық ойлау қызметі қабілеттері мен танымдарын, оқу кезінде өзін-өзі бақылаудың қарапайым танымына, мінез құлық пен сөйлеу мәдениетіне, жеке негізгі гигиена мен салауатты өмір салтына оқушыларды оны меңгеруін қамтамасыз ету.

17. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ, оның міндеті мен мақсатына сай емес мәмілелерді жасауға құқылы емес.

18. Кәсіпорынның қызмет мақсаттарына сәйкес келмейтін, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтайлық құжаттарында белгілі шек қойылған, немесе меңгерушінің жарғылық құзіретін бұза отырып жасалған мәміле Құрылтайшының немесе Уәкілетті органның, немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылады.

19. Кәсіпорын меңгерушісінің жарғыда көрсетілмеген қызметтерге бағытталған іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

20. Кәсіпорын мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

4. Кәсіпорын жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының Тізбесі

21. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

22. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтырудың бірыңғай принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі білім және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде мектепке дейінгі тәрбие берудің оқу бағдарламасын меңгертуді бағдар етеді;

3) оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және мектепке дейінгі тәрбие меңгерту үшін тең бастапқы жағдайлар туғызуды қарастырады.

23. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары балалардың өмір бойы бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік табыстылығын қамтамасыз етуге қажетті дене, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

24. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру:

1) баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, толыққанды тұлғалық дамуын, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт-дәстүрлері негізінде сауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыруды;

2) мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуының толыққанды кеңістігін құруды және кешенді қолдауды;

3) тілін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуды, сауаттылық негіздерін меңгеруге дайындауды;

4) мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, құндылық бағдарын адамның позитивті мінез-құлқы, мінез-құлық нормалары мен ережелері, қазақстандық қоғамдағы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлгісінде қалыптастыруды;

5) өз Отанына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға, қоршаған ортаға, отбасына, түрлі ұлт өкілдеріне деген ізгі қарым-қатынасқа тәрбиелеуді;

6) балада қоршаған ортаның тұтас бейнесі, өзі, жақын әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруды;

7) баланың танымын дамытуды, интеллектуалдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруды, білуге құштарлықты дамытуды;

8) баланың бейнелеу, көркем тілдік, музыкалық еңбектерінде эстетикалық сезімдерін, шығармашылық қабілетін дамытуды;

9) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны мынадай бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта».

10) білім беру салаларының мазмұны ұйымдасқан оқу қимылы, балалардың өзіндік іс-әрекеті және ересек пен баланың бірлескен іс-әрекеті арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

5. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, Кәсіпорынның тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынасын ресімдеу, білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері мен тәртібі

25. Қабылдау Уәкілеттік органның жолдамасы негізінде, мемлекеттік қызмет көрсетудің қолданыстағы стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

Созылмалы жұқпалы аурулармен, тірек-қимыл аппараты бұзылуының ауыр түрімен ауыратын және ақыл-ойы кем балалардан басқа, 1 жалдан 5 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Мекемеде түзету жұмыстары үшін жағдай жасалған болса, мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға рұқсат етіледі.

26. Балаларды Кәсіпорынға тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау, онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіліп отырылады.

27. Балаларды қабылдау кезінде педагогтар ата-аналарды (оларды ауыстырушы тұлғаларды) Кәсіпорын Жарғысымен немесе білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

28. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы Кәсіпорынға қабылдаған кезде құрылатын шартпен реттеледі. Шартта баланың Кәсіпорынға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, Кәсіпорынға баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар анықталады.

29. Келісім-шарт құрылғаннан кейін бала Кәсіпорын белгілеген, мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламаларымен мектепке дейінгі тәрбие және білім беру, сабақ кестесіне сәйкес оқыту және күтілу құқығына ие болады.

30. Ата – аналардан және олардың заңды өкілдерінен алынатын ай сайынғы төлемақы көлемін Құрылтайшы белгілейді.

31. Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады.

32. Топтар жастары бірдей немесе әр жасты үдеріс бойынша жинақталады.

33. Кәсіпорын топтарының толымдылығы қолданыстағы Санитарлық ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

34. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мына тәртіпте жұмыс істейді:

1) толық күн болу.

35. Кәсіпорындағы бала орны мына жағдайларда сақталады:

1) бала ауырғанда;

2) бала медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделгенде және сауықтырылғанда;

3) ата-анасының біреуіне немесе заңды өкілдеріне еңбек демалысы берілгенде;

4) жазғы кезеңде бала екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылғанда;

5) Ата-аналар мен Кәсіпорын әкімшілігінің келісімі бойынша.

36. Менгеруші баланы Кәсіпорыннан мына жағдайларда шығарады:

1) баланы Кәсіпорында күтіп ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақытылы төленбегенде (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам уақытқа кешіктіру);

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмегенде;

3) дәрігерлік консультациялық комиссиясының анықтамасы негізінде баланың баруына кедергі болатын медициналық қарсы көрсеткіштері болғанда.

37. Кәсіпорындағы білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, білім беру мекемелерінің типтік ережелерімен анықталады.

38. Тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен және тәрбиеленушілердің мінез-құлық ережелермен реттеледі.

39. Кәсіпорын тәрбиеленушілері құқылы:

1) мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес тегін білім алуға;

2) адами ар-намысын, ар-ұят пен ақпарат бостандығын құрметтеуге, өз пікірі мен қызығушылықтарын еркін айта білуге;

3) ар-намысын, еркіндігін, өз денсаулығын қорғауға.

40. Кәсіпорындағы тәртіп тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдері) және педагогтердің адами ар-намысын құрметтеуі негізінде сақталады. Тәрбиеленушілерге дене және психикалық жәбірлеу әдістерін қолдануға жол берілмейді.

41. Ата-аналары (заңды өкілдері) құқылы:

1) балаларының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) өз балаларының оқу үлгерімі және мінез-құлқына қатысты ақпарат алуға;

4) тәрбиеленушілермен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша Кәсіпорын педагогтері мен психолог қызметкерлерінен кеңес алуға.

42. Ата-аналар (заңды өкілдері) міндетті:

1) Жарғы мен ішкі тәртібі ережелерінің өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты бөліктерін орындауға;

2) тәрбиелеу, оқыту үшін жауапты және балаларға білім алуға қажетті жағдайлар туғызуға;

3) ата-аналар жиналысына қатысуға, қажетті жағдайда әкімшіліктің немесе педагогтардың шақыртуымен оқу-тәрбие үдерісі бойынша жеке әңгімелесуге және нақты педагогикалық көмек алу үшін Кәсіпорынға келуге;

4) тәрбиеленушілердің қатысын қамтамасыз етуге;

5) Олардың балаларының Кәсіпорынға тигізген материалдық зияндар орнын заңнама белгілеген тәртіпте толтыруға.

6. Білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібі

43. Кәсіпорындағы тәрбие-білім беру үдерісі мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес қазақ тілінде және орыс тілінде жүзеге асырылады.

44. Тәрбие-білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

45. Оқыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әр жас деңгейі үшін қазақ тілінде және орыс тілінде жүргізіледі.

46. Кәсіпорында педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және біліктілігіне сәйкес деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған педагогикалық білімі бар (техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) адамдар жіберіледі.

47. Сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ өтелмеген немесе сотталғандығы заңда белгіленген тәртіпте алынбаған тұлғалар педагогикалық қызметке жіберілмейді.

48. Әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің шегі типтік оқу жоспарында белгіленген.

49. Кәсіпорынның ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің тәртібі сағат 9-25-ден сағат 11-20-ке дейін.

50. Кәсіпорын қамтамасыз етеді:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды;

2) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларының толық көлемде жүзеге асуын;

3) педагогикалық үдерісті ұйымдастыру түрлері, әдістері мен тәсілдерінің балалардың психофизиологиялық, жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

51. Кәсіпорын балаларды: алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем беретін аумақтық медициналық ұйымдармен бірлесіп, мектепке дейінгі ұйымның штатына енетін медициналық қызметкерлер жүзеге асыратын ағымдық медициналық бақылауды, емдеуді және профилактикалық тексерулер ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

52. Кәсіпорын тәрбиеленушілерді 4 мезгіл (таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас) қалыпты тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс тәртібін ескере отырып жүргізіледі.

53. Кәсіпорын педагогтері тиімді тәрбие-білім беру үдерісін қамтамасыз ету мақсатында балама авторлық бағдарламаларды өзі таңдайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған кезде тәрбиелеу, оқыту және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

54. Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы тәрбие-білім беру үдерісіне қатысушылардың ынтымақтастығы, өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, құрылады.

7. Кәсіпорынды басқару

55. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе Уәкілетті органға уәкілеттік береді;

3) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын басты қызмет бағыттарын және міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарап, келісім береді және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорын мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға беруге, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

8) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

10) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

56. Уәкілетті орган Кәсіпорын меңгерушісімен қатынасын Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді. Еңбек шартында, оның әрекет мерзімімен басқа, еңбек және демалыс, материалдық қамтамасыз ету шарттары, лауазымды қызметінен босату негізінен басқа директордың құқығы мен міндеттері, жауапкершілігі айқындалады.

57. Меңгерушіні тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды ескермегенде, Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте жүзеге асырылады.

58. Кәсіпорын меңгерушісіне Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

59. Меңгеруші дара басшылық ету ұстанымында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзыретіне сәйкес, дербес шешеді.

60. Меңгеруші:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін қорғайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорын мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар құрады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік есепшоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек келісім-шартын бұзады, ынталандыру шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларға жазалау қолданылады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегін төлеу түрін, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылар мөлшерлерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесін бекітеді;

9) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

10) балалар мүдделерін, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;

11) баланы Кәсіпорынға қабылдау кезінде ата-аналарды немесе заңды өкілдерін жарғымен, қабылдау тәртібі мен тәрбие беру, оқыту үдерістерін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қабылдау тәртібін реттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

61. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Кәсіпорын меңгерушісіне жауапкершілік жүктеледі:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін;

2) оның құзырлығына жататын функцияларды орындамағаны үшін;

3) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын бұзғаны үшін;

4) оқу-тәрбие үдерісі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі және денсаулығын қорғау үшін;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің ахуалы, оның ішінде материалдық және қаржы құралдарын мақсатты пайдаланбағаны үшін;

6) нормативтік-құқықтық актілер мен еңбек келісім-шартында қарастырылған талаптардың өзге де бұзылуы.

62. Кәсіпорынның алқалық басқару түрі: қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өз қызметтерін жүзеге асыратын Педагогикалық кеңеспен Ата-аналар комитеті болып табылады.

63. Кәсіпорын қызметіне, әдістемелік басшылықтың құрамына педагогтар, меңгеруші және оның орынбасарлары енетін педагогикалық кеңес жүзеге асырады.

64. Педагогикалық кеңес құзырына жатады:

- 1) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту;
- 2) педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын анықтау;
- 3) Кәсіпорынның педагогикалық құрамының біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 4) олардың шығармашылық бастамасын дамыту;
- 5) озық тәжірибені тарату;
- 6) педагогикалық және басқа қызметкерлерді әртүрлі ынталандыру түрлеріне ұсыну.

65. Ата – аналар комитеті:

- 1) мемлекеттік Кәсіпорынның басқару Органының жұмыстарына қатысады;
- 2) өз отырыстарында оқу – тәрбие үдерісі жағдайын, балалар тәрбиесі мен тәрбиелік деңгейін талқылайды;

3) жекелеген даулы жағдайларды талқылай алады.

66. Кәсіпорында меңгеруші бұйрығымен:

- 1) педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды;
- 2) білім мен ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттауды жүргізетін аттестаттау комиссиялары құрылады.

8. Кәсіпорын мүлкі

67. Кәсіпорын мүлікті жедел басқару құқығында ие.

68. Кәсіпорын мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорын активтері құрайды.

69. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөліске түспейді.

70. Кәсіпорын мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік есебінен;
- 2) өз еңбегі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай табыстарды қосқанда) есебінен;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен қалыптастырылады.

71. Кәсіпорын есебінде тек оның жарғылық мақсаттарында қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге қажетті, немесе осы қызмет өнімі болып табылатын мүлкі ғана бола алады.

72. Жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату, егер басқасы осы Жарғыда көзделмеген болса немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарға ие болу және оны тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған талаптар мен тәртіптерде жүзеге асырылады.

73. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан алынатын жемістер, өнімдер және кірістер, сондай-ақ, Кәсіпорынның шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген меншік құқығын алу тәртібінде Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

74. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікті жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдағанда Кәсіпорын мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

75. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

76. Кәсіпорынның мүлікті жедел басқару құқығы, меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында қаралған негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ осы Жарғының 9-тарауы 11-тармағында қаралған жағдайларда тоқтатылады.

77. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Құрылтайшы Кәсіпорынға жедел басқару құқығымен бекітілген мүлікті алып қоюға немесе олар құрған өзге де заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

78. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Құрылтайшы Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп-ұстауын және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

79. Кәсіпорын осы Жарғының 9-тарауы 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тек Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітілген мүлікті беруге және дебиторлық қарызын жоюға құқылы.

80. Кәсіпорын жедел басқару құқығымен өзіне бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

9. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

81. Кәсіпорын қызметі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында анықталған тәртіпте алынған бюджет қаржысы мен өз табысы есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

82. Кәсіпорын жүзеге асыратын және көрсететін қызметтер бағаларын Құрылтайшы немесе Уәкілетті орган анықтайды.

83. Кәсіпорын, ата-ана төлемдерінен алған кіріс азық-түлік тағамдарын алуға жіберіледі.

84. Қызметкерлер еңбекақысы: еңбекақы қоры, штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларының мөлшері, сыйлықақы және басқа сыйақы төлеу жүйесі Кәсіпорынмен белгіленген еңбекақы қоры шегінде дербес белгіленеді.

85. Кәсіпорынның ата-аналар ақысынфакті бойынша тамақтану шығынының 100 % мөлшерінде алуға құқығы бар. Ақы әр айдың 10-на (15) дейін төленуі тиіс

86. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорын Жарғысында қарастырылмаған қызметтен, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде енген кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте бюджетке алып қоюға жатқызылады. Бухгалтерлік есеп ережелері бойынша мүлікті тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатқызылады.

10. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

87. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

11. Кәсіпорынның есепке алуы мен есеп беруі

88. Кәсіпорынның бухгалтер есебін жүргізу және қаржылық есеп беруін құрастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңнамасына және ұлттық қаржы стандарттарына сәйкес Уәкілетті орган келісімі бойынша Кәсіпорын менгерушісі бекіткен есепке алу саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі-бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар, қаржы құралдарының қозғалысы, капиталдағы өзгерістер туралы есеп беруді, түсіндірме жазбаны қамтиды.

12. Кәсіпорын жауапкершілігі

90. Кәсіпорынға міндеттемелері бойынша өз билігіндегі қаржы үшін жауапкершілік жүктеледі. Қаржы жетіспегенде оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілік Құрылтайшыға жүктеледі.

13. Кәсіпорын мен Құрылтайшының, Кәсіпорын мен Уәкілетті органның, Кәсіпорын әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынас

91. Кәсіпорын мен Құрылтайшының, Кәсіпорын мен Уәкілетті органның арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

92. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес анықталады.

93. Заңды күшіне енген медициналық қорытынды және сот үкімімен педагогикалық қызмет істеуге тиым салынған, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған шектеулер қолданылатын тұлғалар білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге жіберілмейді.

94. Кәсіпорын қызметкерлері құқылы:

- 1) кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) атқаратын қызметі мен мамандығына сәйкес Кәсіпорын еңбегіне қатысуға;
- 3) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-сынақтық жұмыстармен айналысуға, педагогикалық тәжірибеде жаңа әдістер мен технологиялар енгізуге;
- 4) жеке педагогикалық қызметке және педагогикалық қызметті ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін еркін таңдауға;
- 5) бес жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан аспайтын уақытта біліктілігін көтеруге (оқытудың сыртқы және күндізгі түрі);
- 6) біліктілігін көтеру, қызметтік өсу, шығармашылық жоспарларын қорғау және жариялау мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 7) педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін марапаттау, құрметті атақтармен, белгілермен және мақтау қағаздарымен марапатталуға, моральдық және материалдық көтермелеуге;
- 8) ғылыми жұмыспен айналысу үшін педагогикалық өтілі сақталатын шығармашылық демалысқа;
- 9) біліктілік санатына және штаттық кестеге сәйкес кепілдендірілген еңбекақыға;
- 10) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ, басқа да нормативтік-құқықтық актілермен реттелетін басқа құқықтарды жүзеге асыруға;

95. Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмесе, осы Жарғыны сақтауға, меңгерушінің нұсқауларын орындауға;
- 2) Кәсіпорынның ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтауға және лауазымдық міндеттерін орындауға;
- 3) өз кәсіби құзырлығы шеңберінде оқытудың теориялық және практикалық білім мен білік дағдыларын меңгеруге;
- 4) тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухында, ата-анаға құрмет көрсетуге, этномәдениеттік құндылықтарға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеуге;
- 5) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттіліктерін, өз бетінше жұмыс істеу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 6) өзінің кәсіби, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;
- 7) бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 8) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;

9) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының ары мен ниетімен құрметтеу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте өз қызметін орындау үшін жеке жауапкершілік жүктелуге.

96. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі: сағат 08-00-ден сағат 18-30 дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі, мейрам күндері.

14. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу

97. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Уәкілетті орган анықтайды.

98. Еңбекақы төлеу түрлері, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы және өзге сыйақы беру жүйесін еңбекті төлеу қорының белгіленген шегінде Кәсіпорын дербес белгілейді.

99. Кәсіпорын менгерушісінің лауазымдық айлықақысы мөлшерін, оған сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін Уәкілетті орган белгілейді.

15. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

100. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшы шешімі бойынша жүргізіледі. сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа негіздер бойынша жүзеге асырылады.

101. Таратылған Кәсіпорын мүлкін несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, Құрылтайшы қайта бөледі.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, таратылған Кәсіпорын қаржысы, Кәсіпорын мүлкін сату нәтижесінде алынған қаржыны қоса алғанда, бюджетінің табысына енгізіледі.

102. Кәсіпорын жойылғаны жөнінде бизнес-сәйкестендіру нөмірлердің Ұлттық тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін жойылады.

16. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

103. Кәсіпорынның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

104. Кәсіпорынның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

Прошито и пронумеровано

24 листов

